ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 17 маусым №4712-24-00-2/1878 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Т.Бекболатов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Ақтау қаласы әкімдігінің "Ақтау электр желілері басқармасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «JASTAR» атында әрекет етуші Жолбарыс Ералхан Мейірбекұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушысы деп тану,

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Ақтау қаласы әкімдігінің "Ақтау электр желілері басқармасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны талап қоюы – толықтай қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «JASTAR» атында әрекет етуші Жолбарыс Ералхан Мейірбекұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «JASTAR» атында әрекет етуші Жолбарыс Ералхан Мейірбекұлынан Ақтау қаласы әкімдігінің "Ақтау электр желілері басқармасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны пайдасына 780 (жеті жүз сексен) теңге өсімпұл және 24 (жиырма төрт) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «JASTAR» атында әрекет етуші Жолбарыс Ералхан Мейірбекұлынан мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Т.Бекболатов

Документ подписан: Бекболатов А. Т., 24.06.2024

Дата вступления в законную силу: 31.07.2024, судья Бекболатов А. Т., 09.09.2024

4712-24-3-1/1655